

## **Рудный қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 1167 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Рудный қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 қарашадағы № 1424 "Жергілікті атқарушы органдардың құрылымы, штаттық санының лимиттері туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

2. Қоса беріліп отырған Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

3. Рудный қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулыны Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

3) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Рудный қаласының әкімі*

*В. Ионенко*

Рудный

қаласы әкімдігінің

2023 жылғы "1" желтоқсандағы

№ 1167 қаулысымен

бекітілген

## **Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 24.04.2025 № 329 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –Бөлім) жергілікті атқарушы органның жеке функциялары саласындағы коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру және тұрғынжай қорын басқару мәселері бойынша басшылық ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволық бағыныстағы мекемесі бар:

- "Спутник-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық тұрғынүй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Космонавт даңғылы, 12.

10. Осы ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірісәкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

### **13. Мақсаттары:**

1) Бөлімнің құзыреттілігі шегінде тұрғын үй қатынастары саласында мемлекеттік саясатын жүзеге асыру;

2) коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды беруді қамтамас ету;

3) Рудный қаласының тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылау;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болып табылады.

### **14. Өкілеттіктері:**

#### **1) құқытары:**

өз құзыреттілігі шегінде мемлекеттік органдарынан басқа да ұйымдарынан және азаматтарынан өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұрауға және алуға;

соттарда талапкер және жауапкер болуға, және де заңнамаға қайшы келмейтін құқықтарды жүзеге асыруға;

бұзушылық анықталған кезінде орындау үшін ұйғарым шығаруға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерді қарау және хаттама толтыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да құқықтар;

#### **2) міндеттері:**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және басқа да орталық атқарушы органның, және де әкімнің және облыстық, қалалық әкімдіктердің актілері мен тапсырмаларын орындау;

тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерін тұрғын үй қатынастары саласында мемлекеттік саясатын жүзеге асыру мәселесі бойынша мемлекеттік органдармен, басқа да ұйымдармен қарым-қатынас жасау;

Бөлімнің құзыреттілігіне жататын мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларына түсініктеме беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да міндеттер.

### **15. Функциялары:**

1) көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды ұйымдастыру;

2) Тұрғын үй қатынастары бөлімімен күрделі жөндеуді қажет ететін көппәтерлі тұрғын үйлер тізбесіне көппәтерлі тұрғын үйлерді кіргізу;

3) Тұрғын үй қатынастары бөлімі көппәтерлі тұрғын үйді күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін көппәтерлі тұрғын үйлер тізбесіне қосқан кезде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері қаражаттың қайтарымдылығын қамтамасыз етуі шартымен жобалау-сметалық құжаттамасы бар кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу;

5) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10528 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау қағидаларына сәйкес бұзушылықтарды жою бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар (ұсынымдар) шығару;

6) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері өтініш берген кезде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі есептің болуына тексеру жүргізу, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу, әкімшілік хаттамаларды толтыру;

7) мемлекеттік тұрғын үй қорын басқару және оны есепке алу;

8) коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру;

9) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

10) иесіз тұрғын үйді анықтау, есепке алу, иесіз, тастап кеткен тұрғын үйді сот тәртібінде коммуналдық меншікке аудару, тұрғын үйді иесіз қалған деп тану;

11) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлуді, беруді ұйымдастыру;

12) осы Заңда көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігіне коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді беруді жүзеге асыру;

13) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін азаматтардың бөлек кезектілік тізімін жүргізу;

14) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған мұқтаждар есебінде тұрған азаматтардың тізімдеріне түгендеу жүргізу,

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен: коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан

жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалдау шарттарын; мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру шарттарын; тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламаларына қатысушылармен шарттарды жасасу және беру;

16) жалдау шарттары талаптарының сақталуын бақылау, сондай-ақ коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдалану мен пайдалануды бақылау;

17) мемлекеттік тұрғын үй қорынан заңсыз тұрып жатқан азаматтарға үйден шығару жөнінде шаралар қабылдау;

18) коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру және жекешелендіру мәселелері бойынша Рудный қаласы әкімдігінің комиссиясы енгізілетін, қарауына материалдарды дайындау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып мемлекеттік электрондық қызметтер көрсету;

20) тұрғын үйді бөлуді (беруді) қамтамасыз ету бөлігінде Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

21) авариялық тұрғын үйлерді бұзуды ұйымдастыру;

22) Рудный қаласы әкімдігінің "Тұрғын үй қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау, оның ішінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру, коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру;

23) тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар мен заңнамалық органдарға ұсыныстар әзірлеу және талдау.

24) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тұрғын үй инспекциясы бөлімінің міндеттеріне және функцияларына жауап беретін өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.

### **3. Мемлекеттік органның басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Бөлім басқаруды басшы жүзеге асырады, Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлім басшысының өкілеттіктері:

1) Бөлім қызметкерлері мен ведомстволық ұйым басшыларының міндеттері мен жалпы өкілеттіліктерін белгілеп жұмысты ұйымдастыралы және басқарады;

2) қолданыстағы заңнамасына сәйкес Бөлім қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты мекеменің - "Спутник-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Бөлімді мемлекеттік мекемелерде және басқа да ұйымдарда мүддесін білдіреді;

5) бірінші қол қою құқығына ие болады;

6) өз құзыреттілігі шегінде Бөлім қызметкерлеріне және ведомстволық ұйымдардың басшыларына орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады;

7) Бөлім қызметкерлерін және ведомстволық ұйымдардың басшыларын көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданылады;

8) мемлекеттік органның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

9) қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да ұйымдарда барлық қарым-қатынаста мемлекеттік органның мүддесін білдіреді;

10) Бөлімде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлығына қарсы шаралар қолданбағаны үшін дербес жаупты болады;

11) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржылық жоспарын, мемлекеттік органның және ведомстволық бағынысты мекеменің- "Спутник-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еңбекақы қорымен және қызметкерлер санының шегінде құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді;

12) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды дүзеге асырады;

13) заңмен белгіленген мерзімінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарап, олар бойынша қажетті шараларын қабылдайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде басқа да өкілеттіліктерін жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірінші басшының міндеттерін оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

19. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларды жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Бөлім өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату.**

23. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК